

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



**Сайда СЕЙТОВА,**  
публицист, журналистің қызы:

## «БҰЛАҚ КӨРСЕ, КӨЗІН АШҚАН»

Әр дәуірдің өзгелерден оқ бойы озық тұратын ерекше қасиеттерімен есімдері ел жадында сақталған өзіндік бір мықтылары болады. Ата тарихымыздағы ел мен жер үшін басын бәйгеге тігіп, атағы күллі әлемге жайылған батыр бабаларымыз сөзіміздің дәлелі. Ендігі жерде сол бабалар ерлігін қайталап жағпасақ та, соны дәріптеу бүгінгінің міндеті. Осы ретте олардың жасаған ерлігі, еңбегі жөнінде бір үзік сыр айтатын, жазатын бір адам бар. Ол – журналистік, жазушылық және публицистік өнерді қатар меңгерген, өзгелерден бітім-болмысы ерек Бақытқожа Төлегенұлы. Бүгінде халықаралық деңгейде аты мәлім көкем жайында ел аузында айтылар сыр мен жыр көп. Үлкендерден естуімше, көкем жастайынан алғыр, батыл, тіке сөйлейтін адам болған. Сырттай бір қарағанда сұсты болып көрінгенімен ол жаны нәзік, ашық, ақкөңіл әрі сенгіш. Өзі қандай адал да әділетті болса, айналасынан да соны күтеді. Екіжүзділік, көреалмаушылық, көкіректік, жалған намыс дегеннен табиғаты аулақ. Өзін әрдайым бірқалыпты ұстайды. Оны көптеген шетелдің ірі тұлғалары, тіпті мемлекет басшыларының қадірлеп сыйлауы, көп нәрсені білдірері сөзсіз. Қазақтың абыройын асқақтатып жүрген азамат екендігінің бір дәлелі, ол жайлы тек жақсы пікірлердің айтылатындығы болса керек.

Өзінің бар білгенін, үйренгенін, көргенін біздің де бойымызға сіңіргенімізді қалайтын көкем, кішкентайымыздан тек адал болуға үндеуден танған емес. Ол әрдайым әруақтарға тағзым етіп, құрметтеуіміз керектігін айтып, салт-дәстүрлерді білуімізді жіті қадағалап отыратын және үнемі тарихтан сыр шертетін орындарға, қасиетті жерлерге апаруға тырысатын. Өйткені, бізді халқымыздың көне тарихымен таныстырудан өзі де рахат табады.

Әрине, қазақты өз деңгейінде шетелдіктердің алдында көрсете білу де оңай емес. Олармен терезесі тең болып сойлесу үшін де адамда үлкен білімділік пен мәдениеттілік болуы керек-ақ. Осы қасиеттерге ие бол-

маса, көкем шетелдіктердің сый-құрметіне бөленер ме еді. Сені біреу сыйламаса, демек өзіңді сыйлата алмағаның. Сондықтан, Бақыт көкемнің өзгелерге құрмет көрсете отырып, өзін сыйлата білгендігі бағалауға тұрарлық қасиет. Кей кезде түрлі мемлекеттердің Елшілері қоңырау шалып, үйге қонаққа келгісі келетіндіктерін айтып жатады. Олар көкемнің халқымыз, тарихымыз бен дініміз туралы айтқан әңгімелерін ұйып әрі тандана тыңдайды. Өйткені, белгілі бір мемлекет жайлы газеттен немесе ғаламтордан оқып, білгеннен гөрі, сол елдің өкілінің өз аузынан естіген қызықты әрі нанымды емес пе. Өз кезегінде көкем бізді де әр елдерде болып жатқан ғажайып та қызықты жайттарға қанықтырып, тіпті сол мемлекеттердің білім-ғылымы жайлы да айтып, қызығушылығымызды оятатын. Ағам Нұрсұлтанның Кубада білімін жетілдіріп келіп, әпкем Әйгерімнің Польшада оқып жатқандығы соның дәлелі. Алла жазса, мен де осы жолмен Вьетнамда оқитын ең алғашқы қазақ студенті атанбақпын. Көкемнің «бұлақ көрсен, көзің аш» деген ұстанымы менің білім алуыма, ізденуіме көп септігін тигізуде. Бізді жетілдіріп, тәрбиелеп, қанатымызды қатайтуға, еліміздің жоғары білімді азаматтары болып өсуімізге көмегін көрсетуден аянған емес.

Бақыт көкем қазағымыздың өмірін мақтанышпен суреттей алатын жан. Айтпақшы, біздің шаңырақты «Халықаралық достық үйі» деп ең бірінші Куба Елшісі Абелардо Фабио Эрнандес айтқанды және кейінгі Елшілер де солай атайтын болды. Мұндай жеке адамның үйінің «Халықаралық достық үйі» деп аталуы, меніңше тарихта болмаған оқиға. Бұған қоса, Елшілер біздің үйге қонаққа келіп, төрде отырды өздеріне құрмет, мәртебе санайтын. Ал, олардың Орта Азия халықтарының арасында Қазақстанның, оның ішінде Бақыт Рүстемовтің шаңырағын құрмет тұтамыз деген ыстық ықыласын есту біз үшін, қазақ жұрты үшін мақтаныш.